

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫС ДЕҢГЕЙІНЕ ЫҚПАЛЫ

«Қазақстан-2050» стратегиясында 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына қосылу міндеті қойылған<sup>1</sup>. Мемлекет табыстылығы көрсеткіштерінің бірі оның халқының әл-ауқаты, жан басына шаққандағы орташа табысының деңгейі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару тиімділігінің, елдің инвестициялық тартымдылығының төмендеуіне алып келетіндігі, үдемелі әлеуметтік-экономикалық дамуды тежейтіндігі барлығына белгілі<sup>2</sup>.

Дүниежүзілік банк әлемнің 260-тан аса елінде бірқатар экономикалық көрсеткіштерді, сондай-ақ кедейлік пен әлеуметтік теңсіздік жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерді мониторингілеуді жүргізеді.

### 1-кесте: ҚР-да жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі

| Көрсеткіш                              | 2016   | 2017   | 2018   | 2019     | 2020   |
|----------------------------------------|--------|--------|--------|----------|--------|
| Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ доллары | 7714,8 | 9247,6 | 9814,7 | 9 812,39 | 8528,4 |

Дереккөз: Дүниежүзілік банктің есептері <https://data.worldbank.org/indicator>

### 2-кесте: ҚР-дағы GINI\* коэффициенті

| Көрсеткіш            | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 |
|----------------------|------|------|------|------|------|
| GINI коэффициенті, % | 26,8 | 27,2 | 28,8 | 29,0 | 29,1 |

\* Джини коэффициенті — аталмыш мемлекет немесе өңір қоғамының зерделенетін қандай да бір белгі бойынша жіктелу дәрежесін танытатын статистикалық көрсеткіш. Экономикалық теңсіздікті бағалау үшін қолданылады. Оның мәні көп болған сайын теңсіздік соғұрлым жоғары<sup>3</sup>.

Сонымен қатар, Transparency International халықаралық агенттігі жыл сайын сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің рейтингісін жүргізеді. Оған сәйкес әрбір мемлекетке 0-ден 100-ге дейінгі мән (мән жоғары болған сайын сыбайлас жемқорлықты қабылдау соғұрлым төмен) және рейтингтік орын (ранг) беріледі<sup>4</sup>.

3-кесте: Transparency International мәліметтеріне сәйкес ҚР-да сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі

| Көрсеткіш                        | 2016   | 2017   | 2018    | 2019    | 2020   |
|----------------------------------|--------|--------|---------|---------|--------|
| Corruption Perception Index      | 29     | 31     | 31      | 34      | 38     |
| Рейтингтік орыны / мемлекет саны | 131/98 | 122/98 | 124/198 | 113/198 | 94/180 |

Бұл кестелерде көрсетілген динамика Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шаралары сыбайлас жемқорлықты қабылдау тұрғысынан да, ел экономикасының өсімі тұрғысынан да белгілі бір оң әсер беріп жатқандығын танытады. Сонымен бірге, әлеуметтік теңсіздік, байлар мен кедейлер арасындағы сәйкессіздік бұрынғысынша жоғары деңгейде қалып отыр.

**Тапсырмалар:** Өзіңіздің кәсіби тәжірибеңіз бен біліміңізге сүйене отырып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Сіздің пікіріңізше Қазақстан Республикасында әлеуметтік теңсіздіктің артуына сыбайлас жемқорлықтың қандай қатерлері әсер етеді?
2. Байлар мен кедейлердің арасындағы сәйкессіздікті азайтуға бағытталған мемлекеттік реттеу шараларын ұсыныңыз.

<sup>1</sup> «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан

<sup>2</sup> «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы

<sup>3</sup> Дүниежүзілік банктің есептері <https://data.worldbank.org/indicator>. The World Bank. Indicators. GINI index (World Bank estimate), 2016-2018

<sup>4</sup> Transparency International, Corruption Perception Index, 2016-2019